



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№

Қазақстан Республикасының  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына

2023 жылғы 5 мамырдағы № DC-138 хатқа

**Құрметті депутаттар!**

Блогерлер мен журналистердің анық емес ақпарат таратқаны үшін жауапкершілігі туралы депутаттық сауалдарынызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары (Баққожаев А., Башимов М., Иса Қ., Магеррамов М., Сарым А.) бастамашылық тәртіппен «Интернет-жарнама және онлайн-платформалар туралы» заң жобасын (бұдан әрі – заң жобасы) әзірледі. Аталған заң жобасы журналистер мен блогерлердің жауапкершілігін арттыруға, сондай-ақ зиянды және жалған материалдардың таралуын азайтуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар бірқатар нормалар онлайн-ортаның қауіпсіздігі мен ашиқтығын арттыруға бағытталған. Осылайша, онлайн-платформа иелері мен қарапайым пайдаланушылар арасында көрі байланыстың тиімді тетігін енгізу бойынша міндеттеме енгізіледі.

Бұл міндеттеме пайдаланушылардың сұрауларына дәлелді жауап беруді, ұсынымдық жүйелердің параметрлерін өзгерту мүмкіндігін, қызмет туралы есепті жариялауды және мемлекеттік органдармен міндетті өзара іс-қимылды көздейді.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және ақпараттық егемендікті нығайту үшін онлайн-платформаларды реттеудің маңыздылығын ескере отырып, осы Заң жобасы шеңберінде жалған ақпаратты орналастыру және тарату мәселелері бойынша Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодектің 456-бабына түзетулер енгізілді.

Бұл заң жобасы Парламент Мәжілісінде қаралуда, депутаттық сауал бойынша көрсетілген ұсыныстар заң жобасында ескерілген.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде көтерілетін мәселелердің еліміз үшін маңыздылығын ескере отырып, оларды шешу үшін қоғам, Үкімет және депутаттық корпус өкілдерінің қатысуы қажет деп санаймыз.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі**

**Ә. Смайилов**

*Орындық. Ж.Имақова  
Тел. 750037*